

## **"Павлодар алюминий зауыты" акционерлік қоғамына инвестициялар тарту туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 1 қыркүйек N 1215

Республиканың боксит-глинозем кешеніндегі кәсіпорындарды сауықтыру және инвестициялар құюға тартылуы мүмкін инвесторлардың тұрақты тобын құру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Павлодар алюминий зауыты" акционерлік қоғамының жарғы қорының 37,5 проценті мөлшеріндегі мемлекеттік акциялар пакетінің бір бөлігін сату үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне бір апта мерзімде берсін;

<\*>

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен "Уайтсвен Лимитед" фирмасы арасындағы 1994 жылғы 13 желтоқсандағы N 22-51/42 басқару туралы шартқа осы қаулының жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін қажетті толықтыруларды екі апта мерзімде енгізсін.

Ескерту. 1-тармақтың 3-тармақшасы күшін жойды - ҚРМК-нің 1995.10.11. N 1318 қаулысымен. P951318\_

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті "Павлодар алюминий зауыты" акционерлік қоғамы мемлекеттік акциялар пакетінің бір бөлігін 1995 жылдың 20 қыркүйегіне дейін мынадай ретпен сатсын;  
жарғы қорындағы акциялардың 2,5 проценті жаппай

жекешелендірудің шеңберіндегі купон аукциондарында;

жарғы қорындағы акциялардың 5 проценті Орталық Азия қор биржасында;

жарғы қорындағы акциялардың 30 проценті алдын ала келісілген шарттармен белгіленген инвестор - "Уайтсвен Лимитед" басқарушы фирмасына.

3. "Павлодар алюминий зауыты" акционерлік қоғамының жарғы қоры акцияларының 52,5 проценті мөлшерінде мемлекеттік акциялар пакетінің сатылмаған бөлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің иелігінде қалдырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК